

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Махаббат мәдениеті

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.02.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/148937/>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру Ұйымдастыру кезеңі. Тыныштық сәті. «Нұрға бөлену». Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз, қолыңызды тізеге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлемсіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет! Оқушылар өз әсерлерімен бөліседі.	Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сәндвичі» .	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер 1. Өзін-өзі тану оқулығы. 2. Халық ауыз әдебиетінен алынған аңыз топтамалары. Қазақ әндерінің жинағы

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>1. Ана деген ұлы ұғымды қалай суреттер едіңдер? 2. Ананың өз перзентіне деген шексіз сүйіспеншілігі жайлы не айтасыңдар? 3. Неліктен адам есейіп кетсе де анасының махаббатын аңсайды деп ойлайсыңдар? 3. Дәйексөз: «Махаббат құдіреті – жер жүзіндегі күллі ізгі, таза,риясыздық атаулының қайнар көзі»Ж.Сталь 1.Егер жер бетінде махаббат болмаса не болар еді? 2.Махаббатты не себептен құдіретті күшке теңейміз?ЕБҚ оқушылар маңызды тірек сөздерді жазып алады; 4.Әңгімелеу.Топқа бірігу екі топқа оқушыларды санау арқылы біріктіру Жүрегіңнің отын сөндірме. Өкіл әдісі (Авторы белгісіз) Бір жігіт көршісіне өзін жақында ренжіткен досын жамандай бастайды.Көршісі ол жігітті тыныштандырып, досын кешіруін өтінеді. Сонда ол ашуланып:Мен неге өзімді ренжіткен адамды кешіруім керек, неге мен өзімді сатып кеткен адамның алдында кешірім сұрауым керек?- дейді.Тыңдап тұрған көршісі оған бір аңызды баяндап береді:Ертеде бір адам өмір сүріпті. Қатты ренжіген ол адам оған былай дейді:Ендеше, мен саған жарық беру үшін ешқашан шам жақпаймын, саған жылу беру үшін пешті жылытпаймын, үйдің есігін де жаппаймын — дейді.Осы айтылғандарды естіп тұрған жаңағы жігіт көршісіне:Бұл неткен ақылсыз адам, бұл өзінің жаққан шамымен Табиғатқа жарық беремін, өзінің жаққан отымен Табиғатты жылытамын деп ойлайды екен ғой-дейді.Сонда көршісі: — Сен де өзіңе соны істеп тұрсың. Сен де өзіңнің жүрегіңнің отын жақпай тұрсың. Саған өзгелердің жарық түсіргенін, өзгелердің келіп жылытқанын күтпей, өз жүрегіңнің отын жағып, өзгелерге жарығың мен жылуыңды сыйласаң, мүмкін, өзгелер де өз жолын табуға ұмтылар – деген екен. 5.Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс. 1.Оқушыларға махаббат, сүйіспеншілік ұғымдарына сәйкес келесі өлең жолдарын толықтыруды ұсыну. I – топ: Сүйем мен байтақ елімді жерімді ғаламды ата — анамды. II – топ Сүйем мен барша баланы дананы тауларды бауларды. 2.Бірінші топ оқулықта берілген «Қайдасың қасқа құлыным» мәтінін,екінші, үшінші топқа «Қасиетті туған жерді қастерле» мәтінін оқи отырып, өздерінің табиғатқа деген сүйіспеншілігін ортақ ватманға сурет салу арқылы білдіреді. Кейін, әр топ өз суретін таныстырып, әңгімелеп береді. Топ мүшелеріне ұпай беріледі.ЕББ оқушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады; 6.Топпен ән айту. «Ана туралы жыр»Сөзі:Ш.Қалдаяқов</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады. Дескриптор: өзгерістерін жіктейді</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады ҚБ «Мадақтау сэндвичі» ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар Суреттер Тірек-сызбалар Кесте ҚБ парағы</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау 7.Соңғы тыныштық сәті. Баяу әуен қойылады. Көзімізді жұмып, еркін жайғасайық. Енді, бүгінгі өткен сабағымыздан нені түсіндік, қандай жақсы нәрселерді үйрендік, өзімізге нені алдық сол жөнінде ойланайық. Осының барлығын жүрегімізге салып, көкейімізге түйіп алайық. Жайлап, көзеріңізді ашуға болады. Бүгінгі керемет сабақ үшін сіздерге көп рахмет!!!! Кері байланыс <input type="checkbox"/> Қиын болды... <input type="checkbox"/> Бүгін мен білдім... <input type="checkbox"/> Қызықты болды... Үйге тапсырма Махаббат мәдениеті.</p>	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>A4, конспект</p>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.